ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» ММ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

030010, Ақтөбе қаласы, Әбілқайырхан даңғылы, 40
тел: +7-(7132)-54-16-67 факс: +7-(7132)-55-06-52

2026 жылғы «22» 07 №07-07/1827

Ақтөбе қалалық және
аудандық білім бөлімдері
(тізім бойынша)

Оқулықтармен қамтамасыз
ету туралы

Ақтөбе облысының білім басқармасы жалпы орта білім беру ұйымдарын оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету мәселесі бойынша келесіні хабарлайды.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, зияткерлік меншік объектілерін бір көзден сатып алу кезінде монополияға қарсы органның қорытындысы талап етіледі.

Алайда, Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасы м.а.-ның 2025 жылғы 16 маусымдағы №6 бұйрығымен бекітілген Қағидалардың 12-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, білім беру ұйымдары үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді (оның ішінде электрондық нысанда) сатып алу кезінде, егер педагогтер оларды Қазақстан Республикасының «Білім туралы» және «Педагог мәртебесі туралы» заңдарына сәйкес таңдаған болса, монополияға қарсы органның қорытындысын алу талап етілмейді.

Осыған байланысты, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алуды қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асыруды сұраймыз.

Басқарма басшысының орынбасары **А. Ізбасар**

Орындаушы: Р. Қарасаев
Телефон: +7 775 136 1785
r.karasaev@aktobe.gov.kz